

2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі N 508 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 сәуірде № 4-1-137 тіркелді. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 598 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2012.04.27 № 598 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 8 тармақшасын және 37 бабын басшылыққа алып, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19 бабы 3 тармағына және 23 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 "Белгіленген әскери мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында, қалалық әкімдік

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі қалалық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айлары аралығындағы шақыру күніне дейін жасы 18-ге толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылу немесе кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру;

2) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру және облыстық жинақтау пунктiне жөнелту жөнiнде шаралар өткiзу.

3. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына (келiсiм бойынша) ұсынылсын:

1) шақыруды ұйымдастыру кезеңiнде медициналық комиссия қызметiне қатыстырылатын дәрiгерлердi, орта медициналық қызметкерлердi жұмыс орнын, қызметiн және айлық жалақысын сақтай отырып, iссапарға босату;

2) әскерге шақырылғандарды қалалық қорғаныс iстерi жөнiндегi басқарманың жолдамасы бойынша қалалық емханаларда және жанұялық-дәрiгерлiк амбулаторияларда рентген-флюорографиялық тексеруден және басқа да зертханалық тексерулерден (дәрет пен қанды жалпы тексеру, жүректi электрокардиограммдан өткiзу) өткiзудi қамтамасыз ету.

4. Қалалық iшкi iстер басқармасына (келiсiм бойынша):

1) азаматтарды әскери қызметке шақыру кезiнде қалалық қорғаныс iстерi жөнiндегi басқармамен бiрге шақыру пунктiнде қоғамдық тәрiптi қамтамасыз ету, шақыру комиссиясына белгiленген мерзiмде келмегендердi жедел iздестiрiп, қалалық қорғаныс iстерi жөнiндегi басқармаға жеткiзу, сондай-ақ әскерге шақырудан жалтаруға жол бермеу мәселелерi бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

2) мүмкiндiкке қарай әскерге шақыру кезiнде iздестiру тобының жұмысын атқаратын iшкi iстер басқармасының 6 полиция қызметкерiн бөлiп, кенттiк және селолық округтер бойынша шақыру пункттерiне келмеген азаматтарды iздестiру мақсатында кезекшi көлiкпен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Барлық кенттiк және селолық округтер әкiмдерiне өз округтерi бойынша шақырылған азаматтарды шақыру учаскесiне келтiрудi қамтамасыз ету ж ү к т е л с i н .

6. Қалалық әкiмдiктiң 2010 жылғы 19 сәуiрдегi № 323 "2010 жылдың қазан-желтоқсан айларында қала аумағындағы азаматтарды мерзiмдi әскери қызметке шақыруды жүргiзу туралы" қаулысының (нормативтiк құқықтық актiлердi мемлекеттiк тiркеу тiзiлiмiнде 2010 жылдың 25 мамырында № 4-1-121 болып тiркелiп, 2010 жылдың 5 маусымында № 61 (19135) облыстық "Атырау" газетiнде жарияланған) күшi жойылсын.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкiмiнiң орынбасары А.Қарабаеваға жүктелсiн.

Қала әкiмi

М. Исмұратов

Қ а л а л ы қ

ә к i м д i к т i н

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 1

с ә у i р д е г i

№ 508 қаулысына қосымша

Мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі қалалық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Марат Бағытжанұлы Тукпаев - қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы, комиссия төрағасы;

Айжан Сарсенқызы Қарабаева - қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Жанболат Әділгерейұлы Қайралапов - қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Гүлнәр Хасанғалиқызы Құлғалиева - № 2 қалалық емхананың бас дәрігері, шақыру кезеңіндегі қалалық дәрігерлік комиссияның төрайымы (келісім бойынша);

Қалжан Төлеуқызы Дүйсалиева - медбике, комиссия хатшысы.